

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 28 ақпандағы N 76

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88, 89-құжаттар; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар, N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қандай да бір салықтан босату немесе осы Жарлықпен көзделген салық ставкасын кеміту осы Жарлыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен, сондай-ақ осы Жарлыққа және Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен жасалған келісім-шарт негізінде жүргізілуі мүмкін. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті беретін женілдіктерді қоспағанда, басқа актілермен салық женілдіктерін, соның ішінде жеке сипаттағы женілдіктер беруге тыйым салынаады".

2. 34-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық төлеушілерге:

келісім-шарт жасалған кезден бастап 5 жылға дейінгі мерзімге негізгі ставканың 100 процентіне дейін табыс салығының кемітілген ставкасы;

одан кейінгі 5 жылға дейінгі кезеңге негізгі ставканың 50 процентінен аспайтын шекте табыс салығының кемітілген ставкасы белгіленуі мүмкін.

Табыс салығы жөнінде женілдіктер берудің нақты мерзімі мен мөлшері келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша және жобаның басымдығына, өтемділік мерзімі мен шарттарына қарай белгіленеді.

Аталған женілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда табыс салығы Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс".

3. 123-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 10)-тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық төлеушілерге:

келісім-шарт жасалған кезден бастап 5 жылға дейінгі мерзімге негізгі ставканың 100 процентіне дейін жер салығының кемітілген ставкасы;

одан кейінгі 5 жылға дейінгі кезеңге негізгі ставканың 50 процентінен аспайтын шекте жер салығының кемітілген ставкасы белгіленуі мүмкін.

Жер салығы жөнінде жеңілдіктер берудің нақты мерзімі мен мөлшері келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша және жобаның басымдығына, өтемділік мерзімі мен шарттарына қарай белгіленеді.

Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда жер салығы Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс".

4. 134-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6)-тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен жасалған келісім-шартқа сәйкес салық төлеушілерге:

келісім-шарт жасалған кезден бастап 5 жылға дейінгі мерзімге негізгі ставканың 100 процентіне дейін мүлікке салынатын салықтың кемітілген ставкасы;

одан кейінгі 5 жылға дейінгі кезеңге негізгі ставканың 50 процентінен аспайтын шекте мүлікке салынатын салықтың кемітілген ставкасы белгіленуі мүмкін.

Мүлікке салынатын салық жөнінде жеңілдіктер берудің нақты мерзімі мен мөлшері келісім-шартта әрбір салық төлеуші бойынша және жобаның басымдығына, өтемділік мерзімі мен шарттарына қарай белгіленеді.

Аталған жеңілдік сәйкестендіріліп берілген келісім-шарт бұзылған жағдайда мүлікке салынатын салық Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тиісті айыппұл санкциялары қолданыла отырып, салық төлеушінің бүкіл қызмет ету кезеңіне есептелуге және бюджетке енгізілуге тиіс".

2-бап. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1."Қазақ КСР-індегі инвестиациялық қызмет туралы" 1991 жылғы 10 маусымдағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 24, 280-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 120-құжат);

2. "Қазақ КСР-індегі инвестиациялық қызмет туралы" Қазақ КСР Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1991 жылғы 10 маусымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 24, 281-құжат).

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК